

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК

Қамқоршылық кеңес отырысының

№4 хаттамасы

Ақтөбе қаласы

05.12.2025 жыл

Қатысқаны: 10

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Ата-аналарды 05.12.2025ж. ата-ана төлемақысының 900 тг. өзеруі туралы Ақтөбе қалалық білім бөлімінің хабарламасын түсіндіру жұмыстарын жүргізу.
2. 2025 жылға арналған қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындысы

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша: 2025 жылға арналған қамқоршылық кеңес жұмысының қорытындылады. №35 «Балбұлақ» балабақшасы Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын бұдан әрі балабақша атынан меңгеруші Ермаганбетова М.С. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ат салысуымен балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастық жақсы нәтиже беріп отырғанын атап өтті. Балабақшада берілетін тәрбие – бүлдіршіндерге берілетін тәрбиенің бастауы. Соның бірі көктемде ауланы көгалдандыру жұмысы жүргізілсе, жазда ойын алаңдары ойыншықтармен толықтырылды. Ал қыста қар тазалау қол көмегін тигізсе, күзде қураған жапырақтарды жинасуға сенбілікке көмектесуге қолғабыс етілді. Жоғарыда аталған жұмыстардың атқарылуына үлес қосқан ата-аналар қауымдастығына ұжым атынан алғыс білдірді.

Екінші мәселе бойынша: №35 «Балбұлақ» балабақшасының меңгерушісі Ермаганбетова М.С. сөз алды: Құрметті ата-аналар бүгінгі жиналысымыздың күн тәртібіндегі мәселе 05.12.2025ж. ата-ана төлемақысының 900 тг. өзеруі туралы Ақтөбе қалалық білім бөлімінің хабарламасын түсіндіру үшін шақырып отырмыз. Естеріңізде болар ата-аналар төлемақысы мөлшері 2023 жылдың 6 наурызынан бері 800 теңге мөлшерінде осы уақытқа дейін өзгеріссіз болды. Ал қазіргі таңда нарық бойынша азық - түлік тауарлары бағасының өсуіне байланысты ата-аналар төлемақы мөлшері 900 теңге көлемінде болмақ. Осы хабарламаны ата-аналарға түсіндіріп жеткізіп, сіздерді хабардар ету – басты мақсатымыз. Сондықтан сіздердің де ой-пікірлеріңіз білу де маңызды болмақ.

Шығып сөйлеушілер: Қамқоршылық кеңесінің төрайымы: Суликова Д.: Қамқоршылық кеңес жұмысының мақсаты – бірыңғай педагогикалық ұстаным негізінде оқыту мен тәрбие беруде педагогикалық ұжым мен қамқоршылық кеңесі қарым-қатынасын ұйымдастыру, кешенді оқыту – тәрбиелеу жұмысының материалдық – техникалық базасын нығайтуға көмектесу. Жыл бойына қарастырылатын мәселелер мемлекеттің тәрбие беру іс – шарасына бірлесіп атқаруға ата – аналар қауымын тарту, олардың педагогикалық мәдениетін, білімін көтеру, балабақша мен отбасына ынтымақтастығын ұйымдастыруға ықпал жасау, балаларға әлеуметтік жағынан қолдау көрсету екендігін айтты.

Қамқоршылық кеңес мүшелері де ары қарай балабақшамен бірлесіп жұмыс жасауға, көмектесуге, қолдау білдіретіндерін айтып бір ауыздан келісті.

«Күншуақ» тобының ата-анасы Муханова Нұрзат: Қазіргі таңда азық-түлік бағасының өскенін білеміз. Ешқандай қарсылығым жоқ. Мен үшін баламның дұрыс тамақтануы маңызды.

«Алма» тобының ата-анасы Сәуле Құдайбергенова: Күнделікті өмірде тамақ өнімдерінің қымбаттап отырғанын көріп отырмыз. Үйімізге азық-түлік сатып алу барысында, асханаға барған кезде байқалады. Түсіністікпен қараймын, келісемін.

«Гүлдер» тобының ата-анасы Тасанова Гүлшат: Әрине қымбатшылық оңай емес. Жалғыз азық-түлік емес, күнделікті қолданатын тауарлардың да қымбаттап отырғаны белгілі. Бірақ дұрыс тамақтану, баламның денсаулығы маған одан да қымбат. Сондықтан келісемін.

Шешім қабылданды:

1. Бала бақша меңгерушісінің есебі «қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. Ата-ана төлемақысының 900 теңге мөлшерімен келісілді.

Қамқоршылық кеңес отырысының төрайымы: Суликова Д.

Мүшелері: Сәбит Г.

Құдайбергенова С.

Муханова Н.

Жүргенбаева Г.

Санимова А.

Тасанова Г.

Хатшы Нургалиева Ж.